

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Шымкент қаласы бюджетін 2024 жылға жоспарлау мен орындалуы
тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық
іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне»
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы.....
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты.....
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері.....
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең.....

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.....
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жағдайда).....

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.....
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар.....
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.....
- 3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Шымкент қаласы бюджетін 2024 жылға жоспарлау мен орындалуы тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: «Шымкент қаласы бюджетінің 2024 жылы жоспарлау және орындалу барысында бюджет заңнамасының сақталуы және Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2024 жылы тиімді іске асырылуы».

1.3. Мемлекеттік аудит объектісі: «Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2024 жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Қала аумағы 116 280 га құрайды. Қала қалалық маңызы бар 5 ауданнан тұрады. Халық саны 1 256,2 мың адамды құрады. Ұлттық құрамы: қазақтар – 71,5%, өзбектер – 15,8%, орыстар – 6,0% және басқалары – 6,7%.

Өнеркәсіп өндірісінің өнімі 1 157,2 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 103,0%-ға өскен.

Өнеркәсіп саласында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 2025 жылдың 1 қаңтарына 2 063 бірлікті құрады, оның 15 – ірі, 44 – орта және 2 004 – шағын кәсіпорындар.

Ауыл шаруашылығында өнім көлемі 51,8 млрд теңгені құрап, 99,8%-ға төмендеген.

Негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 766,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдан 112,1% артқан.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 310,9 млрд теңгені (114,0%) құрады, 1 366,8 мың ш.м (126,1%) тұрғын үй пайдалануға берілді. Алайда қалада тұрғын үй кезегіне тіркелген азаматтар саны аз емес.

2024 жылы әлеуметтік тұрғын үй кезегіне тіркелген азаматтар саны 51 мыңнан астам адамды құрап отыр.

Жұмыссыздық деңгейі 4,8% деңгейінде қалыптасып, орташа республикалық деңгейден 0,1 п.п жоғары болып отыр. Оның ішінде жастар жұмыссыздығы (15-34 жас) 3,4%. Жалпы жұмыс күшінің 31,4% өз-өзін жұмыспен қамтығандар (147,2 мың адам).

2024 жылдың желтоқсанында 2023 жылмен салыстырғанда инфляцияның деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі 107,4% құраған. Азық-түлік тауарларының бағасы 3,9%, азық-түлік емес тауарларының бағасы 8,7%, халыққа ақылы қызмет көрсету 10,8% көтерілген.

Ақылы қызмет көрсету саласында сумен жабдықтау 48,5%, жолаушылар темір жол көлігі 30,8%, су бұру 20,7%, орталықтан жылытуға 16,5%, желілік газ 10,9% қымбаттаған.

Сонымен қатар, қала тұрғындары инженерлік-инфрақұрылыммен толық қамтылмаған. Атап айтқанда, қала халқының 100%-ы электр жүйесімен қамтылған болса, 70%-ы кәріз жүйесімен, 97%-ы табиғи газбен, 99,5%-ы ауыз сумен қамтылған.

Тіркелген қылмыстардың саны 2023 жылы 6 533 болса, 2024 жылы 6 052 бірлік болған немесе 481 бірлікке төмен. Оның ішінде, ауыр қылмыстар саны 10,7% төмендеген.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты Шымкент қаласы бюджетінің 2024 жылы жоспарлау және орындалу барысында бюджет заңнамасының сақталуы және Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2024 жылы тиімді іске асырылуы болғандықтан, Аудит бағдарламасында аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі көрсетілмеді.

Мемлекеттік аудит қортындысымен анықталғаны, бюджет қаражатын жоспарлау барысында, басқарма және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан тиісті мониторингтің төмендігі, бюджеттік өтінімдерді ұсыну кезіндегі бюджет қаражатын жоспарлаудағы жүйеліліктің болмауы салдарынан барлығы 63 772 771,0 мың теңге қысқартылған, оның ішінде ағымдағы шығыстар 54 927 640,0 мың теңге және даму бюджеті 8 845 131,0 мың теңге.

Сонымен қатар, 2 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтарға жол берілген.

Мемлекеттік аудит нәтижесі көрсеткендей, бұзушылықтар мен кемшіліктер бюджетті жоспарлау барысында бюджет заңнамасы мен өзге де заңнама талаптарының сақталмауы салдарынан орын алған.

Аудит барысында бағдарлама мәселесі ішінара сараланып, қаралып бюджетті нақтылау және түзету барысында келесідей кемшіліктерге жол берілген, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексінің» (әрі қарай – *Бюджет кодексі*) 3-бабының 1-тармағы 70)-тармақшасында, *түпкілікті нәтиже* – ол, мемлекеттік орган қызметінің *тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген*, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның

мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші екені көрсетілген.

Бюджет кодексінің 4-бабының:

б)-тармақшасында, *нәтижелілік қағидаты* – ол ұлттық жобаларды іске асыруға, мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару атап көрсетілген,

12)-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі негізделетін принциптерінің бірі – тиімділік қағидаты. *Тиімділік қағидаты* – ол, *бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу* немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару,

13)-тармақшасына сәйкес, *жауапкершілік принципі* - тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы.

Бюджет кодексінің 67-бабының:

1-тармағына сәйкес, Бюджеттік өтінім – ол, *шығыстар көлемін негіздеу үшін* кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

1-1 тармағына сәйкес, *бюджеттік өтінім* - бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері негізінде және шегінде жасалады,

9-тармағы б)-тармақшасына сәйкес, Бюджеттік өтінімге түсіндірме жазба - бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде *бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын ақпаратты*, бюджеттік бағдарламалардың *тікелей нәтижелерінің сипаттамасын қамтиды*.

12-тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың *толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді*,

12-1 тармағына сәйкес, *бюджеттік өтінімнің негізділігі*, бюджеттік өтінімге қатысты есеп-қисаптардың анықтығы, бюджеттік өтінімнің толықтығы мен уақтылы ұсынылуы үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Бюджет кодексінің 104-бабының 4-тармағына сәйкес, «Жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары бюджетті түзету арқылы

мыналарға»: 1) алынған қарыздар бойынша негізгі борышқа қызмет көрсетуге және оны өтеуге; 4) іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары және дайындау мен беру мерзімі бір қаржы жылынан асатын активтерді және басқа да тауарларды, қызмет көрсету мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызмет көрсетуді сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша өткен қаржы жылының тіркелген міндеттемелерінің төленбеген бөлігін қаржыландыруға; 4-1) аяқталу мерзімі осы Кодекстің 157-бабының 1, 1-1 және 2-тармақтарында және 159-бабының 1-1-тармағында көрсетілген бекітілген құжаттамаға сәйкес бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезеңіне сәйкес келетін бюджеттік инвестицияларды одан әрі қаржыландыруға; 4-3) өткен қаржы жылында міндеттемелер қабылданбаған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша және бюджеттік мониторинг негізінде олардың нысаналы мақсатын өзгертпей, одан әрі қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін. Бюджет комиссиясының тиісті ұсынысы бюджетті түзету жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін әзірленеді» делінген,

Бюджет кодексінің 187-бабы 2-тармағына сәйкес, «Бір жылға дейінгі мерзіммен қаржылық агенттіктерді бюджеттік кредиттеу кезінде бюджет кредиті мерзімінің соңында бюджеттік кредитті өтеуге жол беріледі» делінген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» (әрі қарай - Қағидалар) 2-тармағына сәйкес, Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламаларды орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде шығыстар көлемін негіздеу болып табылады.

Қағидалардың 3-тармағына сәйкес, Бюджеттік өтінім базалық шығыстар мен жаңа бастамалар шығыстарына бөлінетін шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

«Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген ереженің 10-тармағына сәйкес «Бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспарларының жылдық сомасы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген, мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімімен бекітілген сомаларына сәйкес келеді» делінген. Сондай-ақ, «Бюджеттік кіші бағдарламалар деңгейінде – бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік

бағдарламаның бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша шығыс сомасына сәйкес келеді» - делінген.

Алайда, шығыс көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджет қаражатының бекітілген көлемі пайдаланылмай, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен 54 927 640,0 мың теңге бюджетті қысқартуға жол берілген. Атап айтқанда:

1. Бюджеттің шығыс көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджет қаражатының бекітілген көлемі пайдаланылмай, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей жалпы 23 бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен 54 927 640,0 мың теңге бюджетті қысқартуға жол берілген. Атап айтқанда:

1) Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппараты тарапынан бюджеттік бағдарламаны тиімді басқармауы салдарынан 008, 009, 011 бюджеттік бағдарламалары бойынша жоспарланған қаржыларды толық игеру мақсатында барлығы 568 616,0 мың теңге қысқартылған (008 015 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 11 902,0 мың теңге; 009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 497 714,0 мың теңге, яғни мемлекеттік сатып алу конкурсында мердігер анықталмауына байланысты барлығы 509 616,0 мың теңге қысқартылған, (011 015 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасынан Шұғыла шағынауданы Жаңақоныс көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты гүлзар салудан 59 000,0 мың теңге қысқартылған).

2) Шымкент қаласы Эль-Фараби ауданы әкімінің аппараты бойынша жұмыстарды дұрыс жүргізбеу салдарынан 009 бюджеттік бағдарламасынан арнайы техникалардың бағаларының қымбаттауына байланысты 666 499,0 мың теңге қысқартылған (009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының), оның ішінде арнайы техникалардың бағаларының қымбаттауына байланысты 588 085,0 мың теңге, арнайы техникаларды сатып алу мемлекеттік сатып алу конкурсынан мердігер анықталмауына байланысты 78 414,0 мың теңге қысқартылған.

3) Шымкент қаласы Қаратау ауданы әкімінің аппараты бойынша 125 160,0 мың теңге қысқартылған (009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша шаруашылық заттар сатып алудан және арнайы техникалар сатып алуда мемлекеттік сатып алу конкурсынан мердігер анықталмауына байланысты 125 160,0 мың теңге қысқартылған).

4) Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты бойынша 445 300,0 мың теңге қысқартылған (009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша арнайы техниканың бағалары қымбаттауына және мемлекеттік сатып алу конкурсынан мердігер анықталмауына байланысты 445 300,0 мың теңге қысқартылған).

5) Шымкент қаласы Тұран ауданы әкімінің аппараты бойынша 008, 009 бюджеттік бағдарламалары бойынша 615 363,0 мың теңге қысқартылған (008 015 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасының Қонаев даңғылы №91 көпқабатты тұрғын үйдің сыртқы сәулеттік шамдарының кенеттен күйіне байланысты 1 717,0 мың теңге; 009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының өтемақы төлемдерінен, отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алудан мемлекеттік сатып алу конкурсында мердігер

анықталмауына, арнайы техниканың бағалары қымбаттауына және мемлекеттік сатып конкурсынан мердігер анықталмауына байланысты және шаруашылық құралдар сатып алудан 2024 жылы нарықтағы бағасы қымбат болуына байланысты 570 976,0 мың теңге және шаруашылық заттарын сатып алудан, шаруашылық құрал-жабдықтарды сатып алудан мемлекеттік сатып алу конкурсынан мердігер анықталмауына байланысты 42 670,0 мың теңге).

6) Шымкент қаласының Қаржы басқармасы бойынша 008, 005 бюджеттік бағдарламалары бойынша 35 765 912,0 мың теңге қысқартылған (008 025 «Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша» бюджеттік бағдарламасының тұрғын үй құрылысы үшін алынған облигациялар 2023 жылы жергілікті атқарушы органның борышын мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты 34 941 587,0 мың теңге; 005 100 «Қарыздар бойынша сыйақылар, өзге де төлемдерді төлеу» бюджеттік бағдарламасының тұрғын үй құрылысы үшін алынған облигациялар бойынша 2023 жылы жергілікті атқарушы органның борышын мерзімінен бұрын өтеуіне және сыйақы төлеу бойынша шығыстарды қысқартуына байланысты 824 325,0 мың теңге).

7) Шымкент қаласының Жайлы ортаны дамыту басқармасы бойынша 021,018, 009, 001 бюджеттік бағдарламалары бойынша 1 283 899,0 мың теңге қысқартылған (021 015 «Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру» бюджеттік бағдарламасының жеңімпаз мердігер анықталмауына байланысты 31 473,0 мың теңге; 018 015 «Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасының Әл-Фараби, Тұран ауданы көшелері және қала аумағындағы магистралды көшелерінің газон жабындылары жарамды деп танылуына байланысты 580 408,0 мың теңге; 009 015 «Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының «Сарқырамадан төмен сай», «Шапырашты», «Чумчак», «Көк» каналдары күрделі жөндеу жұмыстары мердігер мекеме тарапынан кестеге сәйкес жұмыстар орындалмауына байланысты және «Шымкент» каналының күрделі жөндеу жұмыстары мердігердің келісім шартқа сәйкес орындамауына, құзырлы органдардың бақылауында болуына байланысты 660 213,0 мың теңге; 001 015 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының ауаның ластануын атмосфералық ауаны автоматты өлшеу станциясына қызмет көрсету шығындарына қаралған 9 855,0 мың теңге жұмыс көлемі орындалмауына байланысты мердігер мекемемен келісім шарт екі жақты бұзылған, 2 дана ЛЭД экранды күтіп ұстау қызметіне қаралған 1 950,0 мың теңге конкурс нәтижесі бойынша жеңімпаз анықталмауына байланысты).

8. Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы бойынша 008, 003, 005, 006 бюджеттік бағдарламалары бойынша 162 386,0 мың теңге қысқартылған (008 015 «Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының С.Пушкин атындағы ғылыми-эмбебап кітапханасына күзет қызметінен конкурс өтпеуіне байланысты 3 750,0 мың теңге; 003 015 «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарламасының латын графикасына өту жоспары кейінге қалдырылғандықтан 1 766,0 мың теңге; 005 015 «Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету» бағдарламасының «Шымқала» тарихи кешенінің аумағын абаттандыруға жобалау-сметалық құжаттама дайындау үшін жобалық-іздестіру жұмыстары бойынша өнім беруші бас тартуына байланысты 6 870,0 мың теңге; 006 015 «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бағдарламасының жан басына шаққанда балалар мен жасөспірімдер үйірмелерін қаржыландыру бойынша оператордың

жүргізілген мониторинг нәтижесінде және 18 жасқа толған балалар, 3 рет себепсіз сабақтан қалған ваучерлер, мекен-жайларын ауыстыру фактілері анықталып, белсенді ваучер қатарынан шығарылып, ваучер санының кемуінен 150 000,0 мың теңге).

9. Шымкент қаласының Білім басқармасы бойынша 034, 003, 004, 005, 040, 024, 009, 014, 016, 007, 008, 080, 067 бюджеттік бағдарламаларынан барлығы тиімсіз жоспарланып қысқартылған қаржы 2 461 661,0 мың теңгені құрайды (034 015 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 10 402,0 мың теңге, сондай-ақ, әлеуметтік осал топтағы отбасылардың балаларын ыстық тамақпен қамтуға қаралған сомадан нақты ата-аналардан түскен өтінім негізінде төленіп, жыл соңында игерілмеу қаупі бар 151 377,0 мың теңге, барлығы 161 779,0 мың теңге қысқартылған; 003 015 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп 128 471,0 мың теңге. Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» жобасы аясында ашылған мектептер уақытылы іске қосылмауына байланысты 430 481,0 мың теңге, барлығы 558 952,0 мың теңге қысқартылған; 004 015 «Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған 413 қызметкерлерге қайта есептеліп, 12 782,0 мың теңге; 005 015 «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған 588 қызметкерлерге қайта есептеліп, 18 533,0 мың теңге; 040 015 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 309 243,0 мың теңге, сондай-ақ, «Жайлы мектеп» жобасы аясында ашылған мектептер уақытылы іске берілмеуіне байланысты 382 593,0 мың теңге, барлығы 691 836,0 мың теңге қысқартылған; 024 015 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 23 282,0 мың теңге; 009 015 «Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 406,0 мың теңге; 014 015 «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 2 194,0 мың теңге; 016 100 «Балалар уйлері және қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтары» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 1 126,0 мың теңге; 037 015 «Әлеуметтік сауықтандыру» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге қайта есептеліп, 711,0 мың теңге; 007 015 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу» бюджеттік бағдарламасының көркем әдебиеттер сатып алу бойынша мердігер анықталмауына байланысты 85 120,0 мың теңге; 008 015 «Қосымша білім беру ұйымдары» бюджеттік бағдарламасының 2024 жылы жаңадан ашылған 3000 орын конкурсы шешімінің кеш шығуына байланысты 19 226,0 мың теңге; 057 015 «Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім

алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» бюджеттік бағдарламасының Шымкент қаласы әкімінің жоғары оқу орнына 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс орналастыруға бөлінген тегін грант бағасының төмендеуіне байланысты 8 612,0 мың теңге; 013 015 «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасының мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға берілген 1 000 орын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша электронды табельдің негізінде нақты бала санының қатысу фактісімен есептелуге байланысты 585 364,0 мың теңге; 029 015 «Әдістемелік жұмыс» бюджеттік бағдарламасының мердігер анықталмауына байланысты нысаналы мектеп мұғалімдерінің білім сапасын арттыру мақсатында оқытуға қаралған 162 977,0 мың теңге; 080 015 «Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMITI» таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру» бюджеттік бағдарламасының қазан айында нақтылау есебінен қалған тестілеуді үйлестіру, оқушылардың қабілеттерін диагностикалауды сүйемелдеу үшін қаралған 13 762,0 мың теңге; 067 015 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының 40 дана интерактивті панельден екіжақты келісім шарт бұзылуына байланысты 61 740,0 мың теңге, бала-бақшаларға турникет орнатуға конкурс нәтижесінде мердігер анықталмауына байланысты 53 259,0 мың теңге, барлығы 114 999,0 мың теңге).

10. Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасы бойынша 033, 003 бюджеттік бағдарламалар бойынша 1 022 010,0 мың теңге қысқартылған (033 015 «Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының жедел медициналық жәрдем станциясына арналған 25 бірлік санитариялық автокөлікті сатып алуға қаралған 1 375 000,0 мың теңгенің 874 740,0 мың теңгесі, 500 260 мың теңге А кластағы жеңіл арзан медициналық автокөліктерге, PACS systems бағдарламасына сатып алуға бағытталған (23 дана автокөлік сатып алуға- 450 260 мың теңге, PACS systems онкологиялық аурулардың алғашқы сатыларын анықтайтын ақпараттық бағдарлама 50 000 мың теңге), сондай-ақ, «PACS systems» онкологиялық аурулардың алғашқы сатыларын анықтайтын ақпараттық бағдарламасын орнату жұмыстарының басталуына қаралған қаржыға мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілмеуіне байланысты 50 000,0 мың теңге, барлығы 924 740,0 мың теңге; 003 015 «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасының мемлекеттік сатып алу конкурстары өткізіліп жеңімпаз анықталмауына байланысты 97 270,0 мың теңге).

11. Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бойынша 003 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 663 188,0 мың теңге қысқартылған (003 100 «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасының қоғамдық жұмыс орындарына жұмысқа жолданған жұмыссыз азаматтардың мерзімінен бұрын жұмысты тоқтату себебінен 546 882,0 мың теңге; 003 101 «Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасының қысқа мерзімдік кәсіптік оқу ақысына Еңбек және жұмыспен қамту министрлігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №01-1-2-06/7245-И хатына сәйкес, 967 адамға қысқаруына орай 209 041,0 мың теңге, жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудан 560 адамнан 186 069,0 мың теңге, ваучерлер беруге арналған шығыстар бойынша 92 адамға 5 095,0 мың теңге жоспарланған қаржы Кәсіпкерлік палатасының ағымдағы жылғы 12 тамыздағы №1028/РІПІІ6 хатына сәйкес қысқартылған; 003 102 «Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар» бюджеттік бағдарламасының субсидиялауға қатысушылардың бала

күтімі демалысына шығуына және басқа тұрақты жұмысқа орналасуына қарай мерзімнен тыс жұмыстан босатылуына байланысты көрсеткіштердің саны өзгеруіне орай жастар практикасына 682 000,0 мың теңге, «Алғашқы жұмыс орны» жобасынан 243 486,0 мың теңге, «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 4 адамнан 7 019,0 мың теңге, «Күміс жас» жобасынан 261 613,0 мың теңге, Әлеуметтік жұмыс орындарынан 143 744,0 мың теңге, Әлеуметтік жұмыс орындары мүгедектігі бар адамдардан 942,0 мың теңге және жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар бойынша жастардан басқа азаматтарға арналған гранттар беруге түзілген келісім шарттың соммаларының әр түрлі болуына байланысты қаржыдан көрсеткіш 2 адамға көбейіп, қалған 81,0 мың теңге қысқартылған.

Сондай-ақ, барлығы 377 216,0 мың теңге қысқартылған, атап айтқанда:

- 100 «Қоғамдық жұмыстар» кіші бағдарламасы бойынша жұмысқа жолданған жұмыссыз азаматтар ішінен жұмысты мерзімінен бұрын тоқтату себебінен, белгісіз себептермен жұмыс орындарында болмауына байланысты 617 адамнан 24 937,0 мың теңге;

- 101 «Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау» кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша қысқа мерзімдік кәсіптік оқудан 233 адамнан 22 086 мың теңге, жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудан 81 адамнан - 32 177 мың теңге;

- 102 «Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар» кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша субсидияланатын жұмыс орындарына зерделеу жұмыстарының нәтижесінде жұмысқа орналастырылған адамдардың ішінде бала күтімі демалысына шығуына және басқа тұрақты жұмысқа орналасуына қарай жұмыс мерзімнен тыс жұмыстан босатылуына және белгісіз себептермен жұмыс орындарында болмауына байланысты көрсеткіштердің саны өзгеруіне орай, оның ішінде: жастар практикасына 637 адамнан -114 660 мың теңге, «Алғашқы жұмыс орны» жобасынан 1 430 адамнан -166 851 мың теңге, «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 12 адамнан - 1 957 мың теңге, «Күміс жас» жобасынан 581 адамнан - 13 282 мың теңге, Әлеуметтік жұмыс орындарынан 142 адамнан -1 266,0 мың теңге қысқартылған).

12. Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша 003, 006 бюджеттік бағдарламалары бойынша 29 680,0 мың теңге қысқартылған (003 015 «Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге ғана төленуіне байланысты бастапқы бекітілген 5 138,0 мың теңге қысқартылған; 006 015 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бюджеттік бағдарламасының 1,5% жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдан кейін туылған қызметкерлерге ғана төленуіне байланысты бастапқы жоспарланған 24 542,0 мың теңге қысқартылған).

13. Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы бойынша 96 526,0 мың теңге қысқартылған (027 015 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі газдандыру желілерін пайдалануды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшеліктен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізілген сатып алулар нәтижесі «Өтпеді» болуына байланысты 96 526,0 мың теңге қаржы толық қысқартылған).

14. Шымкент қаласының тұрғын үй басқармасы бойынша 66 361,0 мың теңге қысқартылған (054 015 «Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін

азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшеліктен кезекте тұрғандардың бірыңғай республикалық электрондық базасында есепте тұратын және жеке тұрғын үй қорынан тұрғынжайды жалға алатын азаматтардың өтінімдердің аз түсуіне байланысты 66 361,0 мың теңге қаржы қысқартылған).

15. Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы бойынша 002, 004 бюджеттік бағдарламалар бойынша 884 804,0 мың теңге қысқартылған (002 015 «Елді мекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу» бюджеттік бағдарламасының бірқатар елді-мекендерге егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу жұмыстарын орындалу мерзімі қысқа болуына байланысты 788 185,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, кешенді сараптама жүргізу ұзақтығы 60 жұмыс күніне дейін рұқсат етілгендіктен уақыттың жетіспеуіне байланысты 16 619,0 мың теңге қысқартылған, барлығы 804 804,0 мың теңге қысқартылған; 004 015 «Жер қатынастарын реттеу» бюджеттік бағдарламасының келісім шарт бойынша Шымкент қаласының Нұртас, Таскен, Тассай тұрғын алаптарындағы 27 000 жер телімдерінің түгендеу жұмыстарының ауқымы, көлемі көп болуына және жұмыстарды толық атқарып өткізу уақыты тығыз болуына байланысты 80 000,0 мың теңге қысқартылған).

16. Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша 010, 006 бюджеттік бағдарламалар бойынша 20 019,0 мың теңге қысқартылған (010 015 «Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшеліктен Бұхар көшесінің сараптама жұмыстары толық аяқталмауына байланысты 2 301,0 мың теңге, Бұхар көшесінің күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстарынан қаланың бас жоспарын бекіту барысында қызыл сызығы өзгеруіне байланысты 418,0 мың теңге, барлығы 2 719,0 мың теңге қысқартылған; 006 015 «Қоғамдық көлік жұмыстарының мониторингін және бақылауды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының «Диспетчерлік қызмет орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне шағын автобус сатып алудан мемлекеттік сатып алу конкурсы бірнеше рет өткізіліп, жеңімпаз анықталмауына байланысты 17 300,0 мың теңге қысқартылған).

17. Шымкент қаласының ауылшаруашылығы және ветеринария басқармасы бойынша 006, 025, 044, 053, 060, 061, 062 бюджеттік бағдарламалар бойынша 591 867,0 мың теңге қысқартылған (006 015 «Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшеліктен өтінімдердің түспеуіне байланысты бастапқы жоспарланған 600,0 мың теңге толықтай қысқартылған; 025 015 «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшеліктен аулау 818 бас және жою 485 бас ит-мысықтарға тиісті қызметтер жүргізілмеуіне байланысты 3 673,0 мың теңге қысқартылған; 044 015 «Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшеліктен қала аумағында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мемлекет меншігіне өтуіне ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері көлемі кемуіне байланысты 78 785,0 мың теңге қысқартылған; 053 015 «Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшеліктен «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын

арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №322 бұйрығы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген. Аталған бұйрық негізінде субсидиялау қағидасына сәйкес, субсидия алушы шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жері болу керек деген талабы енгізіліп, бірқатар субсидия бағыттары бойынша өтінімдер азайған. Алайда, аталған бұйрыққа 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №331 бұйрығымен өзгерістер енгізіліп, өтінімдер түскен. Субсидиялау қағидасына сәйкес өндіріліп сатылған өнімнің 6 айдан асқандарына субсидия берілмейтіндіктен игерілмеу қаупі бар 120 000,0 мың теңге қысқартылған; 060 015 «Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшеліктен мемлекеттік сатып алу конкурсынан жеңімпаз анықталмауына байланысты, қызмет түрлеріне өзгерістер енгізіліп 59 723,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, қаңғыбас жануарларды күтіп ұстау барысы, стерилизациялау жұмыстарымен байланысты болғандықтан, жануарларды стерилизациялау бойынша қызметтер көрсетілмеуіне байланысты, ауланған 27 200 бас ит, 7 161 бас мысықтардың 3 күндік күтіп ұстауына 54 598,1 мың теңге төлем жасалынуына байланысты 19 366,0 мың теңге қысқартылған, барлығы 79 089,0 мың теңге қысқартылған; 061 015 «Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшеліктен мемлекеттік сатып алу порталында 6 рет конкурс жарияланып, жеңімпаздың анықталмауына байланысты 6 720,0 мың теңге қысқартылған; 062 015 «Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшеліктен жануарларды стерилизациялау бойынша мемлекеттік сатып алудың ашық конкурс тәсілімен жарияланған хабарландырудан жеңімпаз анықталмауына, ағымдағы жылдың 4 айлық мерзімі өтуіне, аталған қаңғыбас жануарларды стерилизациялау шаралары бойынша қызмет түрі бекітілген жоспар бойынша мерзімінде жүргізілмеуіне, ауланған, жансыздандырылған жануарлардың саны артуына байланысты 253 500,0 мың теңге қысқартылған, сондай-ақ, жыл соңына дейін игерілмеу қаупі болуына байланысты бекітілген жоспарға өзгерістер енгізіліп 37 190,0 мың теңге қысқартылған, мемлекеттік сатып алу порталында 5 рет жарияланып, мердігер анықталмай қаржының игерілмеу қаупі туындауына байланысты 12 310,0 мың теңге қысқартылған, барлығы 303 000,0 мың теңге).

18. Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы бойынша 33 340,0 мың теңге қысқартылған (008 015 «Кәсіпкерлік қызметті қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 311 ерекшеліктен сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау бойынша жоспарланған сомадан, кәсіпкерлік өз несиелерін мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты, берілмеген қаржы және «Қайнар май» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан өтініш келмегендігі, «Завод Модуль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және «Silkway Alliance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі резиденттері өтініштерін кешігіп түсуі себепті өнеркәсіптік парктердің резиденттеріне өндірістік үй жайларды жалға алу шығындарын өтеуге арналған қаржыдан берілмеген соммалардан жалпы 33 340,0 мың теңге қысқартылған).

19. Шымкент қаласының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы бойынша 005, 003, 006 бюджеттік бағдарламалар бойынша 35 904,0 мың теңге қысқартылған (005 015 «Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру» бюджеттік бағдарламасынан «Газель» автокөлігі сатып алуға қаралған 10 675,0 мың теңге қаржы бірнеше рет мемлекеттік сатып алу порталына конкурс

жарияланып жеңімпаздар жосықсыз өнім берушілер тізіміне енуіне байланысты Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қазандағы №5238 қаулысымен қысқартылған. Сондай-ақ, Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №6641 қаулысымен кеңсе тауары мен шатырларға төсеуге арналған кескінделген ағаш еден сатып алуға (3x1,8 метр) 11 304,0 мың теңге бірнеше рет конкурс жарияланып мердігерлер жосықсыздар тізіміне енгізілуіне байланысты және 300 дана шелек алуға 266,0 мың теңге мердігер өз уақытысында тауар жеткізбегендіктен келісім шарттар бұзылғандықтан қысқартылған, барлығы 22 245,0 мың теңге қысқартылған; 003 015 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасынан Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №6641 қаулысымен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс бірнеше рет жарияланып өтпеді деп танылуына байланысты 50 дана темір қаңқалы үстел 927,0 мың теңге, стол 1 тумбалық 40 дана 324,0 мың теңге, психодинамикалық тексеруден өткізу үшін компьютерлер 10 880,0 мың теңге қысқартылған, барлығы 12 131,0 мың теңге қысқартылған; 006 015 «Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасынан Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №6641 қаулысымен мердігер мекеме жосықсыздар тізіміне енгізіліп, келісім шарт бұзылуына байланысты «А3 форматта плакат» жасау бойынша 1 528,0 мың теңге қысқартылған).

20. Шымкент қаласының цифрландыру басқармасы бойынша 001 015 «Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 97 151,0 мың теңге қысқартылған (001 015 бағдарламасынан мемлекеттік сатып алу порталында рәсімдерді орындаудың ұзақ мерзімдеріне және қажетті жабдықтарды жеткізу және баптау қосымша уақыт қажеттілігіне байланысты Әкімшілік ғимаратында орналасқан мемлекеттік мекемелерге, ғимараттан тыс орналасқан мекемелердің кросстық үй-жайларын қажеттілікке байланысты қосымша жабдықтауға қаралған 97 151,0 мың теңге қысқартылған).

21. Шымкент қаласының Полиция департаменті бойынша 001, 007 бюджеттік бағдарламалар бойынша 6 976 038,0 мың теңге қысқартылған (001 015 «Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының бейнебақылау жүйесінің «Кілем» жобасын қосу бойынша көлік арнасының инфрақұрылымын ұйымдастыру қызметтеріне техникалық ерекшелігі дайын болмауына байланысты және Telrad компаниясының ресми серіктесі «NEWTECH DISTRIBUTION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2024 жылғы 13 тамыздағы №138 хатына сәйкес жыл соңына дейін жабдықтарды қамтамасыз ете алмау салдарынан 678 123,0 мың теңге қысқартылған (159-ерекшеліктен), сондай-ақ, бекітілген «5.45-39мм» патрондар сатып алуға 2 рет порталға конкурс жарияланып жеңімпаз анықталмауына байланысты 71 890,0 мың теңге қысқартылған (149-ерекшеліктен); 007 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының Қаратау аудандық Полиция басқармасына әкімшілік ғимарат сатып алу үшін мемлекеттік сатып алу порталына Қаратау ауданы аумағында талаптарға сай ғимараттың болмауына байланысты жариялаудан бас тартылып нақтылауда қаралған 1300 000,0 мың теңге қысқартылған, жол қозғалысы ережелерін бұзуды фото-бейне тіркеудің автоматтандырылған кешенді жүйесінің 3000 дана бейнебақылау камераларын орнатуға техникалық ерекшелігін дайын болмауына байланысты, мемлекеттік сатып алу порталына өтініш берілмегендіктен және жыл соңына дейін жабдықтарды жеткізумен жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ете

алмайтындықтан 4 443 431,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, 2024 жылғы 6 тамыздағы №12721309-ОКІ, 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №12929686-ОКІ конкурс қорытындылар туралы хаттамасы бойынша өтпеді деп танылуға байланысты халықты құжаттандыру және тіркеу операторының станциясы 4 жиынтығына 50 804,0 мың теңге қысқартылған, 2024 жылдың 24 қыркүйектегі №12968515-КПКОІ, 2024 жылғы 15 қарашадағы №13341159-КПКОІ конкурс қорытындылар туралы хаттамасы бойынша өтпеді деп танылуына байланысты 400 дана электрондық қылмыстық іс компьютер жиынтығын сатып алу үшін қаралған 402 000,0 мың теңге қысқартылған, 2024 жылғы 6 тамыздағы №12721309-ОКІ, 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №12929686-ОКІ конкурс қорытындылар туралы хаттамасы бойынша өтпеді деп танылуға байланысты дактилоскопиялық тіреу үшін 4 дана мобильді биометриялық терминалға қаралған 21 800,0 мың теңге қысқартылған, 2024 жылғы 27 қарашадағы №13273562-КПКОІ конкурс қорытындылар туралы хаттамасы бойынша өтпеді деп танылуға байланысты 20 дана компьютер 7 988,0 мың теңге қысқартылған).

22. Шымкент қаласының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы басқармасы бойынша 270 900,0 мың теңге қысқартылған (003 015 «Аумақтық органның және ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізілуі қажет 3 пайызы мөлшеріндегі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы өнім берушімен енгізілмеуіне байланысты 270 900,0 мың теңге қысқартылған).

23. Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы бойынша 001, 003 бюджеттік бағдарламалар бойынша 45 057,0 мың теңге қысқартылған (001015 «Жергілікті деңгейде туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының мемлекеттік сатып алу веб порталда конкурс жарияланып «ABT SALE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз атанғанымен техникалық ерекшеліктерге сәйкес қызмет көрсетуден бас тартып, келісім-шарт бұзылуына байланысты «Қазақстанның Қытайдағы туризм жылының ашылуы» іс-шарасына қатысуын ұйымдастыруға жоспарланған 5 593,0 мың теңге қысқартылған, мемлекеттік сатып алу веб порталда конкурс жарияланып «ABT ASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз атанып, мердігер тарапынан актілерімен, есептерінің сәйкес келмеуіне байланысты келісім-шарт бұзылып, әуе борттарында аудиохабарламаларды орналастыру бойынша мердігердің ұсынылған қызмет көрсету қызметінен 3 288,0 мың теңге қысқартылған, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс жарияланып, 2024 жылғы 23 сәуірде №28 келісім шарт түзіліп, бірақ мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2024 жылғы 20 қарашадағы №5265-24-00-2/3708 шешімімен жосықсыз қатысушы деп танылуына байланысты креативті индустрия өкілдерін оқыту қызметтерінен 1 975,0 мың теңге қысқартылған, жыл соңында игерілмеу қаупі болуына байланысты мекеме қызметкерлеріне жиһаздар жасауға жоспарланған 2 400,0 мың теңге қысқартылған, жыл соңында игерілмеу қаупі болуына байланысты туристік және гастрономиялық интерактивті альбомын жасау және басып шығару жоспарынан 13 070,0 мың теңге қысқартылған, жыл соңында игерілмеу қаупі болуына байланысты естелік кәде-сыйлар алу шығындарынан 2 000,0 мың теңге қысқартылған; 003 015 «Туристік қызметті реттеу» бюджеттік бағдарламасының мемлекеттік сатып алу веб порталда конкурс жарияланып 2024 жылғы 4 сәуірде «ASKA Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен №23 келісім-шарт түзіліп, «www.visit-shymkent.kz» порталына қол

жетімділік болмағандықтан мердігермен келісім-шарт бұзылуына байланысты «Visitshymkent.kz» порталын қолдау шығындарынан 2 730,0 мың теңге қысқартылған, мемлекеттік сатып алу порталында 2 рет конкурсқа жарияланып, әлеуетті өтінім берушілер тарапынан берілген өтінімдер конкурстық құжаттама мен біліктілік талаптарына сәйкес келместен конкурс жеңімпазы анықталмауына байланысты туристік қызметтерге арналған Арал (әуежай мен теміржол вокзалдарының аумағында) шығындарынан 11 000,0 мың теңге қысқартылған, мемлекеттік сатып алу веб порталында конкурс бірнеше рет жарияланып 2024 жылғы ақпан айының 08 мен 15 күндері аралығында №65553400-ЗЦП2 лот конкурс қайта жарияланып «Suap-Bagis» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз болып келісім шарт жасалған. Алайда, 2024 жылдың мамыр айында қызмет көрсетушінің бастамасымен келісім шартты орындаудан бас тартуына байланысты келісім шар бір жақты бұзылғандықтан көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу шығындарынан 3 000,0 мың теңге қысқартылған).

Қорытындылай келе, жалпы бюджетті нақтылау және түзету барысында бюджеттің шығыс бөлігінің бірқатар бюджеттік бағдарламалар бойынша бастапқыда қарастырылған соманың едәуір қысқартылу фактілері орын алып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен шығындардың сапасыз әрі тиімсіз жоспарлануына алып келген. Бұл ретте, экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы тарапынан бюджет процессін жоспарлауда жекелеген бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен бюджеттік өтінімдер тиісті деңгейде қабылданбағаны байқалады.

2. Даму бюджетінің (шығыс) көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджет қаражатының бекітілген көлемі пайдаланылмай, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей 4 бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен 028, 012, 205, 017 бюджеттік бағдарламаларынан бюджетті 8 845 131,0 мың теңгеге қысқартуға жол берілген. Атап айтқанда:

1) Шымкент қаласының құрылыс басқармасы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде дұрыс есептемеуі мен жалпы жүйелі жоспарлау жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізілмеу салдарынан 5 713 514,0 мың теңге қысқартылған (028 015 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «16 шағын ауданындағы №39 мектепке қосымша корпус салу» білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры арқылы қаржы қаралуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Мангелдин көшесіндегі А.Байтұрсынов атындағы №50 орта мектеп-гимназиясына қосымша корпус құрылысы» білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры арқылы қаржы қаралуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Тельман ықшам ауданында 1200 орындық мектеп салу» білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры арқылы қаржы қаралуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған; 012 015 «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Шымкент қаласының Бозарық шағын ауданында көп қабатты тұрғын үйлер салу (ірі панельді тоғыз қабатты №3, 5 тұрғын үйлер Сыртқы инженерлік желілерсіз)» облигация есебінен қаржы қарастырылуына байланысты 2 000 000,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, 1 851 373,0 мың теңге қысқартылған, олар: «Шымкент қаласының Бозарық шағын ауданында көп қабатты тұрғын үйлер салу (ірі панельді тоғыз қабатты №3, 5 тұрғын үйлер Сыртқы инженерлік желілерсіз)» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп

және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 445 064,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының Бозарық шағын ауданында көп қабатты тұрғын үйлер салу (№11, 12 ірі панельді тоғыз қабатты тұрғын үйлер. Сыртқы инженерлік желілерсіз). Қайта қолдану» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 706 309,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №1 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №2 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №3 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №4 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №33 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №34 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінен 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласының «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу. Коммерциялық үй-жайы бар №35 үй» (сыртқы инженерлік желілерсіз) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-05-21/37341 хатына сәйкес 100 000,0 мың теңге қысқартылған; 205 032 «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі №777 қаулысымен «Ш.Қалдаяқов көшесінде 1 200 орынды мектеп салу» 100 440,0 мың теңге, «Пахтакор шағын ауданында мектеп салу» 168 194, мың теңге, «Достық шағын ауданында мектеп салу» 168 194,0 мың теңге, «Шымкент Сити шағын ауданында мектеп салу» 148 653,0 мың теңге, барлығы 585 481,0 мың теңге қысқартылған; 017 032 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 28 қарашадағы №6192 қаулысымен «Қаратау ауданы, Бозарық шағын ауданында 5- қабатты тұрғын үйлердің сыртқы инженерлік-инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы (3-кезек)» тұрғын үйлер құрылысы аяқталмауына байланысты, нысан 2025 жылға өтпелі болуына байланысты 283 272,0 мың теңге және «Қаратау ауданы, Бозарық шағын ауданында 5- қабатты тұрғын үйлердің сыртқы инженерлік-инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы (4-кезек)» тұрғын үйлер құрылысы аяқталмауына байланысты, нысан 2025 жылға өтпелі болуына байланысты 136 386,0 мың теңге, барлығы 419 658,0 мың теңге қысқартылған; 017 015

«Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Ақжайық шағын ауданында көпәтерлі тұрғын үйлердің инженерлік желілерінің құрылысы» республикалық бюджеттен қаржы қолдау табуына байланысты, жергілікті бюджеттен 854 002,0 мың теңге қысқартылған).

2. Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша 007 бюджеттік бағдарламасынан барлығы 382 340,0 мың теңге қысқартылған (007 032 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «А-2 Қорғас - Алматы - Шымкент - Өзбекстан Республикасы шекарасы 674-705+621 автомобиль жолын реконструкциялау (Шымкент қаласын айналып өту) Учаске: «Әсем құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестік жұмыс жобасы жұмыстары шекарасынан (682+950 шқ) Қ.Төлеметов көшесіне дейін (691 шқ), VI кезең» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 2 мамырдағы №353 қаулысы негізінде аталған нысанға республикалық бюджетке 2 000 000,0 мың теңге қайта бағытталған. Сондай-ақ, Қала әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №6666 қаулысына сәйкес Шымкент қаласының бас жоспары негізінде Қонаев көшесінің (көлік айрықтарымен бірге Дамбовая көшесінен А-2 автокөлік жолға дейін) жалғасын салу, Бадам өзені арқылы өтетін көпірден 4+70,0 шақырымға дейін шекара 1-учаскесі (5-кезең) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №1073 қаулысына сәйкес, 100 000,0 мың теңге қысқартылған; 007 015 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Б.Алтынсарин көшесін Алматы тас жолынан «Тұран» ықшам ауданындағы №3 көшеге дейін реконструкциялау» құрылысына республикалық бюджеттен қаржы қолдау табуына байланысты 282 340,0 мың теңге қысқартылған).

3. Шымкент қаласының жайлы ортаны дамыту басқармасы бойынша 017 бюджеттік бағдарламасынан 53 000,0 мың теңге қысқартылған (017 015 «Қаланы абаттандыруды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Шымкент қаласында ұзындығы 4,3 шқ Қошқар ата өзенінің бойын (Жангелдин көшесінен Алпысбаев көшесіне дейін) абаттандыру жобалау-сметалық құжаттама әзірлеудемеушілер есебінен іске асырылуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, Қаратау ауданында Каусар көшесінен бастап Бәйдібек-би көшесіне дейін (дендропарк) суармалы объектілерін салу және реконструкциялау жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу демеушілер есебінен іске асырылуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған. Сонымен бірге, «Шымкент қаласының кіреберісіне арка орнату мен абаттандыру жұмыстарына» жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша жобалаушы мекеме тарапынан жұмыстар атқарылмағанына байланысты 51 000,0 мың теңге қысқартылған, барлығы 53 000,0 мың теңге қысқартылған).

4. Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы бойынша 008, 040, 020, 007, 029 бюджеттік бағдарламалары бойынша 2 696 277,0 мың теңге қысқартылған (008 015 «Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасының «Бозарық шағын ауданының жаңа құрылыс аумағында инженерлік инфрақұрылым жүйелерін салу (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және газбен жабдықтау) 2-кезек» құрылысына республикалық бюджеттен қаржы қаралуына байланысты 19 002,0 мың теңге қысқартылған. Сонымен қатар, жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және оған сараптама жасау үшін 6 000,0 мың теңге қысқартылған, олар: «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы 194-орам шағын ауданында 2000 орындық мектептің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы

тарапынан мектептің жобасын әзірлеу мен құрылысын жүргізуден бас тартуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Абай ауданы Асар-2 шағын ауданында 1500 орындық мектептің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы тарапынан мектептің жобасын әзірлеу мен құрылысын жүргізуден бас тартуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы Бозарық-3 шағын ауданында 2000 орындық мектептің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы тарапынан мектептің жобасын әзірлеу мен құрылысын жүргізуден бас тартуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Абай ауданы Достық шағын ауданында 1500 орындық мектептің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы тарапынан мектептің жобасын әзірлеу мен құрылысын жүргізуден бас тартуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Тұран ауданы Қалдаяқов көшесі бойында 1200 орындық мектептің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы тарапынан мектептің жобасын әзірлеу мен құрылысын жүргізуден бас тартуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған, «Шымкент қаласы, Абай ауданы Шымсити шағын ауданында 2000 орындық мектептің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы тарапынан мектептің жобасын әзірлеу мен құрылысын жүргізуден бас тартуына байланысты 1 000,0 мың теңге қысқартылған; 040 015 «Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасының «Тассай индустриялық аймағының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын реконструкциялау және кеңейту. Абаттандыру, электрмен жабдықтау және кәріз жүйесі. Түзету» құрылысы қаржысынан 173 846,0 мың теңге қысқартылған; 020 011 «Кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 наурыздағы №244 қаулысымен «Бадам өзенінің бойында 110 кВ.ЭӨЖ бар 110/6 кВ.ҚС салу» республикалық бюджеттің шығыстарын оңтайландыру мақсатында 2 000 000,0 мың теңге қысқартылған (ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 01.03.2024ж. №27-3-7/1034-И хаты); 008 032 «Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасының «Шымкент қаласының Бозарық шағын ауданының жаңа құрылыс аумағында инженерлік инфрақұрылым жүйелерін салу (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және газбен жабдықтау) 1-кезек» қаржыдан 9 999, 0 мың теңге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №701 қаулымен қысқартылған; 007 032 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасының «Шымкент қаласының Сайрам тұрғын алабындағы ауыз су жүйелерінің құрылысы (3-кезек)» қаржысы есебінен 135 945,0 мың теңге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №701 қаулымен қысқартылған; 007 015 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасының «Шымкент қаласының солтүстік-шығыс бөлігіндегі Тұран шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (ішкіорамдық кәріз желілері)» республикалық бюджеттен қаржы қарастырылуына байланысты 48 944,0 мың теңге қысқартылған; 007 015 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасының «Шымкент қаласы Тұран ықшам ауданынан тазарту құрылысына дейін Алматы трассасының бойында кәріздік коллектор салу» нақты жұмыстарының қаржы есебінен 102 541,0 мың теңге қысқартылған;

029 015 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасының «Шымкент қаласы, Ынтымақ-2 ықшам ауданында инженерлік желілер салу» (газбен жабдықтау) қаржысынан 200 000,0 мың теңге қысқартылған).

Қорыта келе, жалпы бюджетті нақтылау және түзету барысында шығыс бөлігінің даму бюджеті бастапқыда қарастырылған қаржыларды қысқарту орын алып, бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен жүйелі жоспарлаудың жүргізілмеуінен тиімсіз жоспарлануына алып келген.

3. Рәсімдерді орындау тәртібі бойынша 2 бірлік бұзушылықтар анықталды:

1) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің» 4-бабы 8),9)-тармақшаларының, 65-бабы 3-тармағының талаптары сақталмаған: Басқармамен бюджет түсімдерін болжау әдестемесі қолданбаған. Бюджеттің кіріс бөлігінің салықтық түсімдер болжамын қалыптастыру барысында өсу қарқыны және нақты салықтық база толық есепке алына бермейді, яғни төмендетілген көрсеткіштерді жасау сақталуда.

2) «Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығымен бекітілген қағиданың 4-параграф, 216 тармағының «Есепті тоқсандағы Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылу мониторингі бойынша есепті (бұдан әрі – ББӘ есебі) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ түсіндірме жазбаны (нақты көрсеткіштердің жоспардағыдан теріс бағытталған ауытқуы жағдайында ауытқуды егжей-тегжейлі негіздей отырып) ұсынады, бір мезгілде соңғы есепті кезеңдегі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептіліктерін, заңды тұлғаларды дамытудың стратегиялық құжаттарының көшірмелерін ұсынады» - деген талабы сақталмаған, яғни 2024 жылы инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылу мониторингі бойынша есеп ұсынылмаған.

2024 жылға құрылыс басқармасына бағынысты «Тұрғын үй Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталын ұлғайту арқылы қаладағы 33 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізу мен 24 лифтті жөндеу, ауыстыруға 3 455 125,0 мың теңге, энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасына бағынысты «Су құбыры және кәріз басқармасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы 22 арнайы техникалар сатып алуға 1 195 167,0 мың теңге, барлығы 4 650 292,0 мың теңге бөлінген. 2024 жылы бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде екі басқарма тарапынан инвестициялар есебінен іске

асырылатын іс-шаралардың іске асырылу мониторингі бойынша есебі экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына ұсынылмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау:

2024 жылдың қорытындысы бойынша Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика қалыптасқан.

Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі 3,0 пайызға, негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 12,1 пайызға, бөлшек сауда көлемі 20,5 пайызға, ал құрылыс жұмыстарының көлемі 14,0 пайызға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өнім көлемі 22,1 пайызға, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 6,7 пайызға артқан.

2024 жылдың қорытындысымен Шымкент қаласы бойынша жалпы өңірлік өнім (*бұдан әрі – ЖӨӨ*) көлемі 4 407 529,3 млн.теңгені және 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 107,7% құраған. Республикалық көрсеткіш 134 251 904,8 млн.теңгені немесе ЖӨӨ құрылымындағы қаланың үлесі 3,3% пайызды құрап, бұл көрсеткіш бойынша республика өңірлерін орналастыру тәртібінде 13 орында орналасқан. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 3 557,0 мың теңгені құрап, қала Республика өңірлері арасында 16 орынды алған.

ЖӨӨ құрамында өнеркәсіп үлесі 20,3%, көтерме және бөлшек сауда, автомобиль және мотоциклды жөндеудің үлесі 20,1%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялардың үлесі 11,8%, құрылыстың үлесі 5,6%, көлік және қоймалаудың үлесі 6,1% құрап отыр.

2024 жылы өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 1 157 248,0 млн.теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3%-ға өскен. Бұл көрсеткіштің өсімі бойынша қала Республика өңірлері арасында 12 орынды алған (*2023жылы 1 090 721,0 млн.теңге*). Республикада өнеркәсіп өнімінің көлемі 50 124 066,5 млн.теңгені құрап, қаланың республикадағы үлесі 2,3% (*ҚР 102,8%*). Өнеркәсіптің өсімі өңдеу өнеркәсібінің 3,7%-ға өсуіне байланысты орын алған (*оның ішінде, химия өнеркәсібінде 41,4%-ға, фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіруде 33,3 %-ға, сусындар өндіруде 7,6%-ға, тамақ өнімдерін өндіруде 7,2%-ға, машина жасау 4,7%-ға, резина және пластмасса бұйымдарын өндіруде 4,0%-ға, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндірісінде 3,7%-ға, қағаз өнімдерін өндіруде 1,7%-ға және мұнай өнімдерін қайта өңдеуде 1,2 %-ға артқан*).

Қала экономикасына 766 072,3 млн. теңге инвестиция тартылып, 2023 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артты. Негізгі капиталға бағытталған инвестициялардың республикалық көлемінде Шымкент қаласының үлесі 3,9%-ды құрап (*республикалық көрсеткіш – 19 374 966 млн. теңге*), көрсеткіштің өсімі бойынша қала 10 орынды алған (*ҚР – 107,5%*).

Құрылыс жұмыстарының көлемі 310 897,3 млн.теңгені немесе 2023 жылға 114% құраған. Республикада бұл көрсеткіш 8 882 367,8 млн.теңгені құраған. Республика бойынша қаланың құрылыс жұмыстарының

үлесі 3,5% құраған. Құрылыс жұмыстарының артуы инженерлік инфрақұрылым, жолдарды қайта құру, тұрғын үйлердің құрылыстары есебінен орын алған.

Құрылыс–монтаж жұмыстарының көлемі 12,7%-ға, күрделі жөндеу бойынша жұмыстар 39,9%-ға, ағымдағы жөндеу жұмыстар 13,1%-ға артқан.

Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестиция 11,1% артып, 339 473,9 млн.теңгені құраған. Жылдың қорытындысымен 1366,8 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңіне 126,1% құрады. Оның ішінде, бюджет есебінен – 161,9 мың ш.м.; жеке салушылар – 657,2 мың ш.м.; жеке тұрғын үй (халықпен) есебінен – 547,7 мың ш.м.

Бюджет есебінен 92 көпқабатты тұрғын үйдің (374,3 мың ш.м) құрылысы жүргізіліп, 55 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға тапсырылған (161,9 мың ш.м), оның ішінде, 53 үй– кредиттік үй (147,9 мың ш.м), 2 үй – арендалық (14,1 мың ш.м.).

Шымкент қаласының статистика департаментінің мәліметіне сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (бұдан әрі –ШОК) кәсіпкерлік саласында жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 137 114 бірлікке жетіп, 2023 жылға өсім 6,7% құраған (2023ж. 128 526), онда жұмыспен қамтылғандар саны 2024 жылы 244,6 мың адам немесе 4%-ға артқан.

Республика бойынша шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілердің саны 2 071 657 бірлікті құрап, оның ішінде, 6,6%-ы Шымкент қаласына тиесілі (Республикада 5 орын).

ШОК субъектілерімен 2024 жылы 3 482 042 млн. теңгеге өнім өндіріліп, 2023 жылмен салыстырғанда 20,7%-ға артқан.

2024 жылы ауыл шаруашылығы өнімі 51 783,0 млн. теңгеге өндіріліп, 2023 жылға 99,8% құраған. Республикалық көрсеткіш 8 281 914,2 млн.теңге болып қалыптасып, қаланың республикадағы үлесі 0,6% құрайды.

Оның ішінде, мал шаруашылығы 36 025,3 млн. теңгені немесе нақты көлем индексі (НКИ) 102,3 пайызды, егін шаруашылығы 15 202,1 млн.теңгені немесе нақты көлем индексі 93,4 пайызды құраған.

Мал шаруашылығында жылқы басы 20,0 пайызға, қой мен ешкі басы 4,2 пайызға, ірі қара мал саны 2,6 пайызға артқан. Салада жұмыртқа өндірісі 5,0%-ға, сүт өндірісі 16,7%-ға артқан. Ет өндірісі 16,8%-ға төмендеген.

2024 жылдың желтоқсанында тұтыну бағасының индексі 2023 жылдың желтоқсанына 107,4% деңгейінде қалыптасып, азық-түлік тауарларына бағалар 3,9%-ға, азық-түлік емес тауарлары 8,7%-ға, халыққа ақылы қызмет көрсету 10,8%-ға қымбаттаған.

Бөлшек сауда көлемі 1 063 951,9 млн.теңгені немесе өткен жылға 120,5% құраған. Бөлшек сауда айналымының жалпы көлемінде азық-түлік тауарларының үлесі 29,7%, азық-түлік емес тауарлар 70,9% құраған.

2024 жылдың экономикалық белсенді халық саны 469 мың адамды, оның ішінде жұмыспен қамтылғаны 446,3 мың адамды, жұмыссыздар саны 22,6 мың адамды құраған, жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,8% құраған.

2024 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,8% деңгейінде қалыптасып, орташа республикалық деңгейден 0,1 п.п жоғары болып отыр. Оның ішінде жастар жұмыссыздығы (15-34 жас) 3,4%. Жалпы жұмыс күшінің 31,4% өзін жұмыспен қамтығандар (147,2 мың адам). Бұл көрсеткіш бойынша Шымкент қаласы, республика өңірлерін орналастыру тәртібінде 4 орында орналасқан.

Орташа айлық жалақы 309 976 теңгені құрап, 12,7 пайызға артқан. Республикалық көрсеткіш 402 626 теңгені құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша қала республика өңірлерін орналастыру тәртібінде 16 орында орналасқан.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары 150 369 теңгені құрап, 21,4 пайызға артты (2024 жылы 4 тоқсаны). Республикалық көрсеткіш 230 636 теңгені құраған.

Алайда, еңбек нарығында оңтайлы динамика қалыптасқанымен, 2023 жылы халықтың өмір сүру динамикасы төмендеген, бұған дәлел тұтыну бағаларының индексінің немесе инфляцияның өсуінен азық-түлік тауарлардың, басқада тауарлардың және көрсетілген қызметтер бағасының қымбаттауы.

«Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын» іске асыру іс-шара жоспарын қаржыландыру көлемі 558 126,4 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

- республикалық бюджеттен – 189 712,8 млн.тг;
- жергілікті бюджеттен – 233 506,6 млн.тг;
- басқа көздерден – 134 907,0 млн.тг.

2024 жылдың қорытындысымен 651 445,0 млн. теңгеге нақтыланып орындалған.

«Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары» қалалық мәслихаттың 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №73/681-6с шешімімен бекітіліп, мәслихаттың 2024 жылдың 12 желтоқсандағы №23/198-VIII шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Қаланың Даму жоспарында 4 бағыт бойынша қамтылып, 18 негізгі ұлттық индикатор және 71 нәтиже көрсеткіштер жоспарланған.

2024 жылы іске асыруға жалпы 89 индикаторға және 247 іс-шараларға қол жеткізу қарастырылған.

Жыл қорытындысымен 62 индикаторларға нақты қол жеткізілген (70%), 11 индикаторға қол жеткізілмеген (12%) және 16 индикатордың есеп беретін мерзімі келмеген (18%).

Сонымен қатар, Даму жоспарының іске асыру бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарындағы 247 іс-шараның 234 орындалған (95%), 1-іс-шара орындалмаған (0,4%) және 12 іс-шара келесі жылға өтпелі (4,6%).

III. Қорытынды бөлік.

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданған жоқ.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Бюджет қаражатын жоспарлау кезінде, Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан тиісті мониторинг пен бақылаудың төмендігін көрсетеді. Осы факторлар 63 772 771,0 мың тенгеге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануына және саны 2 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты Республикалық маңызы бар қала бюджетін 2024 жылға жоспарлау кезінде бюджет заңнамасының сақталуы және 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2024 жылы тиімді іске асырылуына сәйкес, аудит бағдарламасында аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі көрсетілмеді.

Мемлекеттік аудиттің нәтижелері Басқарманың алдына қойылған міндеттер мен функцияларды әзірлеу, үйлестіру және іске асыру процесінде жауаптылықтың жеткіліксіз дәрежеде екендігін көрсетеді.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы:

Арнайы көрсеткіштер:

Өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуы және жергілікті бюджеттің жоспарлануы

Жалпы 23 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан ағымдағы шығындарды жоспарлау және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу барысында бастапқы бекітілген бюджетте керекті қаржының көлемін дұрыс негіздемеу салдарынан бюджетті қысқартуға жол беріліп, 54 927 640,0 мың теңге қаржылар тиімсіз жоспарланған.

Қорытындылай келе, бюджетті нақтылауда немесе түзетуде бюджеттің шығыс бөлігінің жалпы ұлғаюымен қатар жеке бюджеттік бағдарламалар бойынша бастапқыда қарастырылған соманың едәуір төмендеу немесе алып тастау фактілері орын алып, ол бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен шығындардың сапасыз жоспарлануына алып келген. Бұл ретте, экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы тарапынан бюджет процессін жоспарлауда жекелеген бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен бюджеттік өтінімдер тиісті деңгейде қабылданбағаны байқалады.

Басқармамен бюджет түсімдерін болжау әдестемесін қолданбай салықтық түсімдерді 36 862 949,0 мың теңгеге кем жоспарланған. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің» 4-бабы 8), 9)-тармақшаларының және 65-бабы 3-тармағының талаптары сақталмаған. Басқармамен бюджет түсімдерін болжау әдестемесін қолданбаған. Бюджеттің кіріс бөлігінің салықтық түсімдер болжамын қалыптастыру барысында өсу қарқыны және нақты салықтық база толық есепке алына бермейді, яғни төмендетілген көрсеткіштерді жасау сақталуда.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Арнайы көрсеткіш: Бағдарламалық құжаттардың және бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігі.

«Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары» 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №73/681-6с мәслихаттың шешімімен бекітілген, 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №23/198-VIII шешімімен өзгеріс енгізілген.

Жоспарда 4 бағыт бойынша 2024 жылы іске асыруға 18 нысаналы индикатор жоспарланып, жылдың қорытындысы бойынша 1 нысаналы индикаторға нақты қол жеткізілген, 14 индикатордың есеп беретін мерзімі келмеген, 3 индикаторға қол жеткізілмеген. 2024 жылға жоспарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарында 247 іс-шараға барлық көздерден жалпы сомасы 558,1 млрд. теңге қарастырылған, оның – 234 іс-шарасы толық орындалған, 12 іс-шара өтпелі, 1 іс-шара орындалмаған.

Даму бюджетінің (шығыс) көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджеттің бекітілген көлемі пайдаланылмай, түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей 4 бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бастапқы жоспарланған бюджеттен 8 845 131,0 мың теңгеге қысқартуға жол берілген.

Жалпы аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қорытындылай және жоғарыда аталған бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектісі бойынша бюджет қаржыларын жоспарлау тиімділігі төмен деңгейде екендігі жөнінде қорытынды жасауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

1. «Шымкент қаласы бюджетін 2024 жылға жоспарлау мен орындалуы тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша аудиторлық қорытындыны тексеру комиссиясының отырысында қарауды және бекітуді ұсынамын.

2. Шымкент қаласының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша басқарманың осы салаға жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті тапсырмалар берілсін, бюджет қаражатының жоспарлау және пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, әрі бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бюджеттік заңнама талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

2) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

3) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі 14 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі




Н. Абдезов

Мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудитор



Г. Елшибаев

Әкімшілік-заң және персоналды
басқару бөлімінің
бас инспектор- заң кеңесшісі



Е. Аскарров

Жоспарлау, талдау, есептілік және
сапаны бақылау бөлімінің басшысы



Д. Кенже

Аудит тобының жетекшісі:
Мемлекеттік аудит бөлімінің бас
инспекторы-мемлекеттік аудитор



Н. Джакипов

Мемлекеттік аудит бөлімінің бас
инспекторы-мемлекеттік аудиторлар



Г. Бармакова



А. Жиенбеков